

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтоған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжайы
Балабақша меңгерушісі:
А. Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжайы балабақшасы
Кіші топ «Балапан»
Тақырыбы:

“АЛТЫН КҮЗ”

(ертеңгілік)

Тәрбиеші: Исахова М

Тексерілді:

А. Тагаева

2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Балаларға берекелі күз туралы мағлұмат беріп, табиғатты қорғауға, сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Безендірілген зал

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз,
Жасымыз бен кәріміз.
Қырдан кепті қыдырып,
Алтын күзге бізге нұр төгіп.
Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс,береке,
Бірлік ала келді.

Армысыздар ата-аналар, қадірлі қонақтар! Бүгін біз жыл мезгіліндегі ең тамаша-«Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ендеше ертеңгілігімізді балалардың өлең шумақтарымен бастасақ.

Елхан: Алтын,сары, қызыл,көк
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Амина: Түсті алтын жапырақ,
Ағаштан үзіліп.
Ұшты ұзақ сапарға,
Тырналар тізіліп.

Айсұлу: Алқаптан бидайды,
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатам күзді мен.

Жүргізуші: Ал, балалар,балалар,
Енді бері қараңдар
Бізге қонақ келмекші
Сендерді бір көрмекші
Әуелі жұмбақ жасырам
Құлығымды асырам.
Таба алсаңдар шешімін
Қонағымды ортаға шақырамын.

Жүргізуші: Бұлттар төгіп жерге шөгіп,
Дымқыл тұман басады,

Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала сұры қашады.
Бой жаза алмай, ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады,
Бөбектерім айтындаршы
Бұл қай кезде болады?

Балалар: Күзде

Тәрбиеші: Жарайсындар, ендеше қонағымызды қарсы алайық!

Күз ханшайымы кіреді музыка әуенмен

Күз ханшайымы: Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алындар
Сыйлығына қанындар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салындар.

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе Күз ханшайымы «Балапан» тобының «Алтын күз» ертеңгілігіне хош келдің! Біздің балалардың өнерлерін тамашала. -Ал, балалар өнерімізді көрсетіп, мерекені тойлайық. Ендеше кішкентай балалардың «Бақа» биін тамашалаңыздар.

Би: «Бақа»



Жүргізуші: Ән салындар күліңдер Жайнап гүлдей жүріңдер Күздің тойын
тойлайық Би билейік, ойнайық.

Ән: « Күзге сәлем» қабыл алыңыздар!

Күз ханшайымы: - Рахмет, балалар.

Жүргізуші: Күз ханшайымы, біздің балалар көкөністерді жемістерден қалай тез ажырата алатынын білесізбе?

Күз ханшайымы: Білмейді екем.

Жүргізуші: Ендеше тамашалаңыз.

Ойын : «Көкөністерді ажырат»

Жүргізуші: --Жарайсындар, балалар! Көрдiңiзбе, Күз ханшайымы, бiздiң балалар қандай ептi, жылдам.

Жүргізуші: Кезегімізді қыздардың жапырақ биіне берейік.

Би: «Жапырақ биі»



Жүргізуші: Табиғат-Ана ғой.
Тағдыр ғой күз деген.
Тыныштық бұзылма, үмітті үзбеген.
Балалар, бұл не дауыс? Қане, тыңдайықшы

Ортаға музыка әуенмен бұлт келеді.

Жүргізуші: Әсем әуен салдырған
Сәбилер де алғыр жан
Бал дәуреннің қызығын
Есте қалар балдырған. –деп ұл қыздарымыздың әніне кезек
береміз.

Ән: «Жанбыр»

Жүргізуші: Бүлдіршінмен бәріміз,
Отбасындай бір ұямыз
Береміз ендеше ойын кезегін.
Бұлт,сізге арнап балалар ойын ойнап береді

Ойын: «Күн мен жаңбыр!»

Күз ханшайымы: Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша
бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, сау болып
тұрыңдар! Келесі кездескенше аманшылық болсын!

Жүргізуші: Күз ханшайымының сыйы-жемістерден дәм тататын кез келген
сияқты, тобымызға баруға жиналайық. Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі
«Алтын күз» -атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты
болсын демекпіз. « Берекелі бақ дәулет, арта түссін тойланып Сау болыңдар
қонақтар, келгенше жыл айналып.»

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
» А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»
Ересек «Ботақан» Ортаңғы «Қошақан»
Кіші «Балапан» топтары

Тақырыбы:

«Наурыз- бірлік пен береке мерекесі»

(ертеңгілік)

Тәрбиеші: Исахова М
Тексерілді: Ю. К. Тагаева

2026 оқу жылы



Тақырыбы: «Наурыз- бірлік пен береке мерекесі»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Ашылу салтанаты:



Жетіген биі: «Ботақан» тобының қыздары.

Жүргізуші: Құрметті мерекеге жиналған қонақтар! Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын!

Наурыз-көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мерекесіне айналған.

Наурыз-бақтың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, халық қастерлейтін күн. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын» десіп, өткенге салауат айтып, келер күннен береке тілеп, ақ көңіл, адал жүрекпен құшақтарын айқастырып табысатын қасиетті күн - Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын! Али -Аяулым бөбекжай балабақшасының дайындаған «Наурыз- бірлік пен береке мерекесі» атты іс-шарамызды тамашалауға шақырамыз. Наурыз мерекемізге Қыдыр атамыз келіп қалыпты батасын беруге. Қыдыр ата келіңіз, бізге батаңызды беріңіз.

Қыдыр ата: «Бата беру»

Жүргізуші: Аумин, айтқаныңыз келсін, Қыдыр ата!

Жүргізуші: Наурыз келсе,
Құт келгені халайық
Есік ашып шашу шашып
Ел боп қарсы алайық.
(Әжелеріміз шашу шашады)

Шашу шаштық болсын деп аман халқым,
Болған соң мұндай дәстүр жақсы салтым.
Шашуды тер, мол болсын деп несібелі
Келер жылға жетсек деп аман-есен.

Жүргізуші: Құтты болсын ұлыстың ұлы күні
Шаттандырған елімді тәңір нұры
Думандатып мейрамды біз бастайық
Баршаңызға биден шашу шашайық

Би: -«Батырлар» биі «Балапан» тобының ұлдарының биін
тамашалаңыздар.



Жүргізуші: Таң шапағын қарсы алып Наурызда
Құт-береке тілейміз баршаңызға
Ұлыстың ұлы күнін қарсы алайық
Шат көңілмен бәріміз ән салайық - Ботақан тобы

Ән: «Әз-Наурыз» Ботақан тобының кішкентай Ханшайым қызымыздың әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Бауырласқа тәнтiмiз,
Бұзылмаған салтымыз.
Кен даламыздың ежелгi,
Қазақ деген халқымыз
Өзге ұлттай бiзде де,
Бар дәстүр мен салтымыз



Халқымыз «Астындағы атыңнан құласаң да, ұлтыңның салтынан құлама» деген, ұлттық салт - дәстүрлерімізге кезек берсек.


Көрініс: «Тұсау кесер» : Балапан тобы

Тұсау кесер – қазақ халқының ежелден келе жатқан аса мәнді де мағыналы салт-дәстүрлерінің бірі. Бұл рәсім бала тәй-тәй басып, алғашқы қадамдарын жасай бастағанда өткізіледі. Баланың аяғына ала жіп байланып, оны құрметті, елге сыйлы адамға кестіріледі. Ала жіп – адалдықтың белгісі. «Біреудің ала жібін аттамасын» деген ниетпен байланады.

Тұсау кесу арқылы үлкендер балаға ақ жол тілеп, қадамы нық, болашағы жарқын болсын деп бата береді.


Жүргізуші: Кел,халайық, халайық
Наурыз тойын тойлайық.
Баянды боп мереке,
Қыр гүліндей жайнайық

Би: «Асатаяқ биі» Балапан тобының қыздарын қарсы алыңыздар.



Жүргізуші: Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік, жыр жырлайық ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,
Арқанды кеңге созшы, уа халайық

Би: «Батырлар биі» Қошақан тобының ұлдарын тамашалаңыздар.



Жүргізуші: Наурызда әндер шырқайық,
Өнер жасқа лайық.
Өлеңдеткен жастардың,
Әсем әнін тыңдайық!

Ән: «Мереке» Қошақан тобының кішкентай Румейса қызымыздың әнін тыңдаңыздар.



Жүргізуші: Құтты болсын Әз-Наурыз,
Жанымызды жайнатар.
Ұлттық дәстүр жаңғырып,
Балаларды ойнатар

Ұлттық ойын.« Арқан тарту» Ботақан тобы мен Қошақан тобының ұлдары



Жүргізуші: Жаңғырар дәстүр – салтымның
Көзелсін бұлақ жалғасы
Қастерлі менің халқымның
Мереке Наурыз - жыл басы.

Би: «Бипыл биі» Қошақан тобының қыздарын тамшалаңыздар.



Жүргізуші: Келіңдер, Наурыз тойға бәрің бүгін,
Аямай өнерпаздар ән мен жырын.
Тойлайық халық тойын Наурызымның,
Шуағын жерге төккен бақыт күнін.

Би: «Кесе биі» Ботақан тобының қыздарының қарсы алыңыздар.



Жүргізуші: Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне-деп тағы бір салт-дәстүрге кезегімізді берсек.

«Қыз қуу» – қазақ халқының өте ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Халық арасында кең тараған қыз қуу ұлттық ат ойындары тобына жатады. Бұл ойын ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталған екен.

Ойын шарты : Жігіт қызды қуып жетіп алып қыздың бетінен сүйеді. Ал, қайтар жолда жігітті қыз қуып алып, жігітті қамшымен ұрады.

Қыз Қуу- Қошақан тобының ұл-қыздары.

Жүргізуші: Көктем жетті көл - көсір шуақ құрып,
Қыс та ұзап барады жылап тұрып.
Шатырында үйлердің Наурыз да жүр,
Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.

Би: «Текемет биі» Ботақан тобының қыздарының тамашалаңыздар.



Жүргізуші: Наурыз менің елімнің берекесі,
Жаңа жылы қазақтың мерекесі.
Шаңырағы биіктеп күнге жақын,
Ұлаңғайыр керілсін керегесі

Би: «Сабау биі» Қошақан тобының қыздарын тамашалаңыздар.



Жүргізуші: Алқа - жұртым, той - думан,
Ортамызда ашайық.
Ән мен күйді төгіп біз,
Инжу маржан шашайық!

Ән: «Көктемде» Ботақан тобының кішкентай Асылай қызымыздың әнін тыңдаңыздар.

Жүргізуші: Келдің бе, Әз Наурызым – Жаңа күнім!
Оятып бәйшешекті – дала күн.
Көп болса қандай жақсы болар еді,
Жүректі жадыратар жаңалығы

Би: «Бәйге биі» Қошақан тобының ұлдары



Жүргізуші: Наурыз тойым, Наурыз тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.

Би: «Қара жорға биі» Ботақан тобы ұлдары



Жүргізуші: Наурыз жауын, наурыз сән,
Әсем әуен, сазды ән.
Қыз бозбала қыдырған,
Жасыл желек, көк аспан.

Ән: «Наурыз-көктем» «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасының 2021 жылғы бітіріп кеткен түлегіміз Индира қызымыздың әнін тыңдаңыздар.

Жүргізуші: Наурыз келді салтымыз:
Көгерсін деп халқымыз
Көшеге тал егеді.
Наурыз тойы - береке,
Наурыз тойы – жыр – аңыз.

Би: «Жігіттер биі» Ботақан тобының ұлдарын қарсы алыңыздар



Қорытынды:

Жүргізуші: Жылдың басы **Наурыз**,
Жердің басы **Наурыз**.
Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр- әніміз-дей отыра бүгінгі іс-шарамызды оркестр әнімен қорытындылаймыз. Құттықтау сөз кезегі: Құрылтайшымыз Тагаева Зубайра Ералықызы мен меңгерушіміз Тагаева Айзада апайымызға сөз берсек.

Жүргізуші:

Дастархан халқымның тола берсін,

Бақыт құсы басына қона берсін.

Ұлы тойдың төресі-Наурыз тойы

Жаңа жылдың құт тасы бола берсін.

Әр шаңырақ қуанышқа бөленіп, бақытты балалық, күдіретті даналық жайсаң дей келе «Қош келдің Наурыз!» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті.

Баршаңызды «Наурыздың» дастарханынан дәм татуға шақырамыз!!!!



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы

Бекітемін
ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша менеджершісі:
«*П. Тагаева*»

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботақан» топ

Тақырыбы:

«Менің Отаным-Қазақстан»

(ертеңгілік)

Тәрбиеші: *Жорабай Л*
Тексерілді: *П. Тагаева*

2025 оқу жы

Тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан»

Мақсаты: Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.

- Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.
- балалардың ән айту, өлең оқу және би билеу қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: Қазақтың туы, елтаңда, шарлар, гүлдер, безендірілген зал,

Жүргізуші: Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен балалар, бүгінгі мерекеміз 25 қазан Республика күніне арналған,

Ортаңғы және ересек топтарының «Менің Отаным Қазақстан» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер .

Әнұран: орындалады

Тәрбиеші: Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам күллі әлемге танылды анық.
Шырқадым әнұранды бар дауыспен,
Арманым–Ата заңым қабылданды.-деп балалар кәнеки енді өз еліміз туралы білімізді тексеріп көрейік.

Ой шақыру

Тәрбиеші: Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан

Тәрбиеші: Біз қандай мемлекетпіз.

Балалар: Тәуелсіз.

Тәрбиеші: Біздің ұлтымыз кім?

Балалар: Қазақпыз.

Тәрбиеші: Біз қай тілде сөйлейміз?

Балалар: Қазақ тілінде.

Тәрбиеші: Біздің мемлекетіміздің астанасы қай қала?

Балалар: Астан қаласы.


Тәрбиеші: ҚР президентіміз кім?
Балалар: Қ.Тоқаев.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар.

Тәрбиеші: Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің Қазақстан.
Мәңгі соғып тұратын.
Жүрегімсің Қазақстан.-деп ендігі кезекті «Ботақан» тобы
балаларының өлең шумақтарына береміз.

Өлең шумақтар: «Ботақан» тобы

Жүргізуші: Толтырған гүлге даланы
Жайнатқан ауыл қаланы
Ардақты атамекенім,
Отаным - Қазақстаным.-дей келе «Қошақан» тобының биші
қыздарын «Қазақстан» биімен қарсы алыңыздар.



Би: «Қазақстан» «Қошақан» тобы



Жүргізуші: Гүл жайнаған Астан,
Қазақстан отаны.
Бірін-бірі сыйлаған,
Туысқандар отаны. –дей келе ендігі кезекті балаларымызбен
ойын ойнап жіберсек.

Ойын: «Туды бейнелеу»



Жүргізуші: Тәуелсіздік жолында
Талай- талай тер төккен
Билігің өз қолында
Еркіндігім елдігім.-деп «Ботақан» тобының сүйкімді
қыздарын «Елім Қазақстаным» биімен қарсы алыңыздар.
Би: «Елім Қазақстаным» «Ботақан» тобы



Жүргізуші: Біз Отанның гүліміз,
Туған жердің нұрымыз.
Тәуелсіз біздің еліміз.
Қазақстан бай жеріміз.-дей келе «Қошақан және «Ботақан»
топтарының әнін қабыл алыңыздар.

Хор: «Қазақстан»



Жүргізуші: Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған

«Менің Отаным Қазақстан» атты ертеңгілігіміз аяқталды.
– Бүгін біз Республика күнін атап өттік. Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің нышаны.

Балалар, Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биік желбірей берсін!

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, хормен айтады:
«Қазақстан жасасын!»

Тәуелсіздік мерекесімен барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, осы балапандарыңыз Қазақстанымыздың туын желбіретіп, биік шыңынан көрінетін азамат пен азаматша болуға тілектеспіз!



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



Бекітемін
ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша менгерушісі:
А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботақан» топ

Тақырыбы:

« Аяулы анашым »

(ертеңгілік)



Тәрбиеші: Түлегенова Н
Тексерілді: А.П.Тагаева

2024қу жы

Тақырыбы: «Аяулы анашым»

*Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті ана, аналар!*

Жүргізуші: Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпыраған қыздар!

Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!

Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арнаған «Аяулы анашым» атты ертеңгілімізге хош келдіңіздер.

Жүргізуші: Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\

Қызығыңда, бұзығыңда көтеретін кім? \Ана\

Үнемі жанында періштедей қорғаштап, демеу беретін кім?

\Ана\

Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\

Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \Иә\

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

ХОР: «Апатайым анашым»

Жүргізуші: Мың бұралған ақ қайындай
Бишелер шықсын ортаға.
Ал ендеше қол соғайық,
Қошеметпен қолқала.

Би «Жастық шақ» орындайтын қыздар.



Жүргізуші: Ақ анашым, әппағым.
Өзің жайлы тақпағым.
Арналады сіздерге.
Бар баланың тақпағы.-дей отыра сіздерге арналған тақпақтары
қабыл алыңыздар!

Өлең шумақтар:

Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

Балауса

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ аннам

Қайсар

Алпештеген аялаған.
Ақ сүт берген апатайым.
Салем жазып бүгін саған.
Мейрамыңмен құттықтайымын!

Асылхан

Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет

Айшабибі

Айналайын анашым,
Әлпештеген баласын.
Еміп өскен бөбекпіз,
Анамыздың мамасын.

Айзере

Жүргізуші: Мерекеге арналады бүгін билер,
Көтерілсін канекей, көңіл күйлер
Алдарыңызға қазір вальс биі.
Қол соғып демеу берер көрермендер

Би « Вальс» Орындайтын – ұлдар-қыздар.



Жүргізуші: Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.-деп балаларымыздың аналарына
арнаған өлеңдеріне кезек берсек.

Өлең шумақтар:

Албина: Бүгінгі көктем күнінде,
Барлық адам қуанар,
Аналарды мейраммен
Құттықтайды балалар.

Малика: Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді

Амина: Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймын мерекеңмен,
Құрметті Аналар!

Бексултан: Анамды мен жақсы көрем,
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда анам жүргенде,
Шаттанып ойнап- күлем!

Жүргізуші: Қызықтап әр сөзімді
Жүрегінде сақтаған,
Сабырлы да төзімді
Анашыммен мақтанам –деп ұл-қыздарымыздың орындауында

Хор «Ана жаным»

Жүргізуші: Апатайым анашым
Ақылы мол данасың
Қамқоршысы баланың
Гүлі сенсің әр үйдің.-деп ендігі кезекті ұл-қыздарымыздың
гүлдер биіне береміз.

Би: «Гүлдер»



Жүргізуші: Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де –деп ұл-қыздарымыздың
орындауында «Ақ дидарлы анашым»

Ән: «Ақ дидарлы анашым.»

Жүргізуші: Тамаша, міне көрдіңіздерме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп жатқан артистер!

Біз сыйлықты дүкенен сатып алмаймыз.

Өз өнерімізді қолымыздан жасаймыз.

Аналар күніне бір-бірден сыйлаймыз!

Бүгінгі мерекеге өздерінің қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыс етуге рұқсат етіңіздер. (балалар гүлдерімен ортаға шығады

Аналар, әжелер біздің ұлдар текқана аналарға емес және қыздарға да сыйлықтар дайындаған, соны табыс етуге рұқсат етіңіздер.

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.



Тақырыбы: « Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларда мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың: Ақшақардың, түлкінің мерекелік киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Көрнекілігі: Безендірілген зал

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, ала келсін шырайлы.

Сәлеметсіздер ме, құрметті көрермендер! Армысыздар! Келе жатқан жаңа жыл мерекелеріңіз құтты болсын. Бүгінгі қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер. Ендеше ортаға «Балапан» тобының бүлдіршіндерін қарсы алайық.

Жүргізуші: Қош келдіңдер, балалар! Сендерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Бүгінгі мерекеге сәнденіп, құлпырып келіппіз. Қонақтарымызды бізді көріп қуанып, өнерімізді тамашалауға асығып отыр. Ендеше көп күттірмей ертеңгілігімізді балаларымыздың «Ақ қоян» әнімен бастайық.

Ән: «Ақ қоян»



Әсем әуенмен Ақшақар мен аяз ата кіріп келеді.

Ақшақар.- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды,
Ақшақармын арайлы.
Жалт - жұлт еткен жүзімнен,
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын,
Қалай тыныш жатпақпын.
Менсіз қыстың сәні жоқ,
Әнмін, жырмын, тақпақпын.



Жүргізуші: Салеметсіз бе, Ақшақар, қош келдіңіз! Біздің балалар сізді көріп қуанып қалды.

Ақшақар: Балалар, мен де сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Білесіндер ме, мен сыртта сендердің әуендеріңді естіп асығып келе жатқанда түлкі менің қарларымды шашып кетті. Сол үшін менің көңіл күйім түсіп қалды

Жүргізуші: Қап, әттегенай, түлкінің жасағаны дұрыс болмапты иа, балалар? Ақшақарды ренжітіп қойыпты. Қанекей барлығымыз Ақшақардың қарларын жинап көмектесейікші.

Ойын «Қар кесегі»

Ақшақар: Көп рахмет сендерге, балалар! Сендер болмасаңдар қайтер едім.

Жүргізуші: Иа жарайсыңдар, балалар! Ақшақар риза болып қалған сияқты. Ал енді әрі қарай бимен жалғастырып, Ақшақардың көңіл күйін тағы да бір көтеріп қойайық.

Би «Ұлпақар»



Осы сәтте баяу әнмен тығылып түлкі кіріп келіп, шыршаны алмақшы болып қасына барады.

Жүргізуші: Балалар, бізге қонақ келген сияқты, қараңдаршы ол не істеп жатыр. Біздің шыршамызды айналшықтап жүр.

Ақшақар: Иә, түлкі тағы бірнәрсе бүлдіргісі келіп жүрген сияқты. Түлкі, Түлкішек, сен не іздеп жүрсің? Бұл жерде «Балапан» тобының балаларының ертеңгілігі болып жатыр.

Түлкі: Салеметсіңдер ме, балалар, аа мерекеме? Жақсы, жақсы, тойлата беріңдер. Мен жай шыршаны ғана аламын.

Жүргізуші: Жок, Түлкішек, шыршаны алуға болмайды. Балалар мерекені шыршасыз қалай тойлайды?

Түлкі: Қап, мен өзіме шырша іздеп едім, енді қайдан табамын. Жаңа жылды шыршасыз қарсы алатын болдым ба енді?

Жүргізуші: Жок, Түлкіжан, көңіл күйінді түсірме, біздің балалар саған әдемі шырша безендіріп бере алады. Қанекей, балалар, барлығымыз бірге түлкіге көмектесейікші.

Ойын «Шырша безендіру»

Түлкі: Алақай, қандай керемет, енді менің бір емес екі шыршам бар. Көп рахмет сендерге, балалар! Шыршаларыңды алып кетпекші болағынма өкініп

тұрмын, Ақшақар сізден де кешірім сұраймын, өзіме шырша іздеп жүріп сізді байқамай қағып кетіппін.

Ақшақар: Түлкіжан, ештеңе етпейді, маған балалар көмектесіп, қарларымды жинап берді.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар, сендер Ақшақарға да, Түлкіге де көмектестіңдер, барлығының көңілі көтеріліп қалды. Біз ертеңгілімізді ары қарай жалғастырып кезекті балалардың пенгвин биіне берсек.

Би: «Пенгвин»



Жүргізуші: Жарайсындар, балалар,біздің ертеңгілігіміз аяқталып қалыпты. Ендеше ертеңгілігімізді шыршаны айнала билеп бірге аяқтайық.

Би «Шырша биі»

Жүргізуші: Құрметті көрермендер, Ақшақар. Түлкішек бүгінгі ертеңгілігіміздің қонағы болғандарыңызға көп рахмет. Келе жатқан Жаңа жыл мерекесі баршамызға құтты болсын, жаңа жыл жаңа бақыт, береке мен молшылық ала келсін деп бүгінгі ертеңгілік кешімізді аяқтаймыз! Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

